



Патологиялық анатомияның басты әдісі мәйітті ашып көру, тарихи деректерге сүйенсек, осыдан 4,5 мың жыл бұрын Қытайда, Египетте мәйітті бальзамдау үшін осы әдістің қолданылғаны белгілі. Бірақ та, алғашында мәйіті ашып көру адам денесінің құрылысын жіті білу үшін суретшілер тарапынан ғана пайдаланылған болатын. Діни көзқарастарға байланысты адам мәйітін ашып көрген кісілердің өлім жазасына кесілу қаупі болғандықтан, негізгі анатомиялық өзгерістер әр түрлі жануарларды тексеру нәтижесінде анықталды. Ол кездегі студенттер анатомияны түн жамылып, көмілген мәйіттерді қазып алып, үйренуге мәжбүр болды немесе сол заманда мәйітті ұрлап сатуды кәсіп қылған адамдардың (рессурекионистердің) қызметін пайдаланды. Дегенмен, XVIII ғасырдың басында-ақ, кейбір ауруханаларда ашып көру әдісін ауру өлімінің себептерін анықтау мақсатында кеңінен қолдана бастады



Ресейде осы жұмыстар әскери ауруханада I Петрдің рұқсаты бойынша 1706 жылдан бастап жүргізілді. Ресей императоры анатомия мұражайына тек мәйіттерді ашып көруді көзімен көру үшін ғана келмей, өзі де осы іске ынта салып қатысқаны жөнінде көптеген деректер бар. Осылайша, жекелеген зерттеулер негізінде патологиялық анатомияның іргетасы қалана бастады десек, оның өз алдына бөлініп, медицина саласының жеке бір пәні есебіндегі тарихи Италия анатомы Джованни Бати-ста Морганьидің (1682-1771) «Аурулардың анатом тапқан даму орны мен себептері» деген еңбегінің (1761) жарық көруімен басталады. Морганьи өзінің зерттеулері негізінде және басқа да мәліметтерді пайдалана отырып, мәйітті ашып көрудің клиника үшін қаншалықты қажеттілігін, патологиялық анатомияның клиникалық пәндер арасындағы орнын бірінші больш анық көрсетті. Морганьидің басқа зерттеушілерден өзгешелігі — ол өз жұмысында әрбір аурудың клиникалық белгілерін, ашып көру кезіндегі табылған анатомиялық өзгерістермен салыстыра зерттеді, көптеген белгілі аурулардың (бауыр циррозы, бүйрек тас ауруы, қатерлі ісіктер және т.б.) анатомиялық көріністерін жазудың тамаша үлгілерін жасады.





Паталогиялық анатомияның тарихи дамуындағы екінші бір кезең вена ғалымы **Карл Рокитанскийдің** (1804-1878) атымен байланысты. Осы ғалымның «Паталогиялық анатомияның жеке бөлімі бойынша нұсқау» деген көлемді еңбегі 60 мыңнан астам мәйіттерді ашып көру негізінде жазылған, онда қазіргі кезде белгілі көптеген паталогиялық үдерістердің көрініс-белгілері анықталған.



Осы жаңа дәуірдің ең белгілі ғылымы **Рудольф Вирхов** (1821-1902) барлық аурудың негізінде жасушың патологиясы жатады деген даналық пікірге сүйеніп, өзінің «Целлюлалық (жасушылық) патология» деген ұлы еңбегін жазды (1858). Р.Вирховтың бұл еңбегі тек патологиялық анатомияның ғана емес, тіпті бүкіл медицинаның дамуына прогрессивті рөл атқарды. Қазіргі патологиялық анатомия Р.Вирховтың осы еңбегінде басталады десек жаңылыспаймыз.




1849 жылы Мәскеу университетінде бірінші рет патологиялық анатомия кафедрасы ашылды, осы кафедрасының меңгеруші профессоры **А.Т.Палунин** (1820-1888) мәскеулік патологоанатомдар мектебінің іргетасын қалаушы болып есептеледі. Кеңес дәуірінде осы мектептен белгілі акамедиктер А.И. Абиркосов, И.В. Давыдовский, М.А. Скворцов, А.И.Струков, Н. А.Каевский және басқалары шықты.



М. Н. Никифоровъ.

Мәскеу паталогоанатомдар мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі – **М.Н. Никифоров** (1858-1915) Мәскеу университетінің патологиялық анатомия кафедрасын 1897 жылдан 1915 жылға дейін меңгерді. Ол грануляциялық тін, қайталама сүзек, хорионэпителиома туралы ғылыми еңбектер мен патологиялық анатомияның оқулығын жазып, Ресейдің біраз қалаларында патологиялық анатомия кафедрасын басқарған көптеген шәкірттер түлетті.





Никифоровтың ең дарынды шәкірттерінің бірі – А.И. Абрикосов 1920 жылдан 1952 жылға дейін Мәскеу университетінің патологиялық анатомия кафедрасын меңгеріп, КСРО-да патологиялық анатомияның ғылыми және ұйымдастырушылық негіздерін қалады. А.И.Абрикосов – өкпе туберкулезінің алғашқы бейнесі, миобластылардан өнетін ісік, ауыз қуысы мен бүйректің патологиясы жайлы және басқа да мәселерге арналған аса атаулы еңбектердің иесі. Ол студенттерге арналған 9 рет жарық көрген оқулық пен дәрігерлерге арналған көптомдық еңбек жазып, көптеген шәкірттер өсірді. А.И.Абрикосов – Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



Патологиялық анатомияның Қазақстанда дамуы кеңес дәуіріне тура келді. Алматы мемлекеттік медицина институтында патологиялық анатомия кафедрасы 1933 жылы ашылды. 1938 жылдан 1969 жылға дейін осы кафедраны, Хальков мектебінің түлегі, профессор **П.П.Очкур** басқарады. Ол Қазақстанда патологиялық анатомия мектебінің негізін салушы болды. П.П.Очкурдың шәкіттері, профессорлар С.Ф.Серов, Х.С. Нағмұнова, Н.И. Колычева, М.Л. Ефимов, Л.П. Царевский Қазақстанда алғашқы патологиялық анатомия кафедраларын, лабораторияларын басқарады.

С.Ф Серовтың шәкірті профессор С.И.Иржановтың Қазақстан патологиялық анатомиясында сіңірген еңбегі орасан. Ол 20 жыл ДСМ-лігінің патологиялық анатомия бойынша бас маман, ҚасҰМУ кафедра меңгеушісі болды. Осы мезгіл ішінде 2 медицина ғылымдарының докторын, 11 медицина ғылымдарының кандидатын дайындады. Профессорлар Ю.С. Исмаилова, К.Б. Манекенова қазіргі таңда кафедра меңгерушілері. С.И. Иржанов Ленинград мектебінен өткен білікті патоморфолог болатын. Патологиялық анатомияның Қазақстанда жеке ғылым есебінде әрі қарай дамуы медицина және ветеринария институттарындағы ірі лабораториялардың жұмыстарына байланысты. Қалалық және аудандық ірі ауруханаларда орталық патолого-анатомиялық лабораториялар ашылған, қазіргі уақытта қалалық және аудандық патологиялық анатомия бөлімдері біріктіріліп, патологиялық анатомия бюролары құрылуда. Бұл патологоанатомдардың аурухана әкімшіліктеріне тәуелділігін біржола жойып, емдеу-диагноздау үдерісін дербес бақылауға, олардың сапасын арттыруға, осымен қатар ғылыми және педагогикалық жұмыстарды жүргізуде мүмкіндік беріп отыр.

«Астана медицина университеті» АҚ  
Патологиялық анатомия кафедрасы

# Презентация

Тақырыбы: Патологиялық анатомия қызметінің даму тарихы

Орындаған: Аралбай Р.

Топ: 225ЖМ

Қабылдаған: Иманмадиева И.М

Астана 2016